



## БҰЙРЫҚ

02.03.2014ж. № 99

Қостанай қаласы

## ПРИКАЗ

город Костанай

### Банкроттық басқарушыны босату туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 12-бабының 11-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 27 ақпандағы «СТС-Бетон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Сауле Куанышпаевна Куйшенова «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 12-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес «СТС-Бетон» ЖШС-нің мүлігін және істерін басқарудан босатылсын.

2. С.К. Куйшенова үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев